

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгiнi мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелiк конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткiзiлген күнi	7 сәуiр 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	111
Жинақтағы беттерi	522-525
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 351.74
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әдiл мемлекет құрудың кепiлi/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Нигметуллина А.
Мәртебесi	Студент
Ғылыми жетекшi	Ғылыми жетекшiсi, з.ғ.м., сеньор-лектор Қобдабаева Н.А.
Мақала атауы	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

жазаланады.

Қорытындылай келе, адам өлтіру қылмысы – жаһандық деңгейде шешуді қажет ететін ең ауыр құқық бұзушылықтардың бірі. Оның таралуына экономикалық, әлеуметтік және құқықтық факторлар әсер етеді. Әлем елдері бұл қылмыспен күресу үшін заңнаманы жетілдіру, құқық қорғау органдарының жұмысын күшейту, қару-жарақ айналымын бақылау және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету бағытында бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Алайда, адам өлтіру қылмысын түбегейлі жою үшін тек жазалау шаралары жеткіліксіз. Бұл мәселенің алдын алу үшін құқықтық мәдениетті дамыту, зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын жүргізу, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту және білім беру деңгейін арттыру қажет. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың ортақ міндеті. Адам өмірі – ең жоғары құндылық. Сондықтан, әрбір мемлекеттің басты мақсаты – азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық әрекеттердің алдын алу және заң үстемдігін нығайту болуы тиіс. Құқықтық жүйенің тиімділігі мен қоғамның бейбіт өмір сүру деңгейі осы мәселеге қандай назар аударылатынына тікелей байланысты.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы 2007 жылғы 11 мамырдағы № 1 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі-2014 жылғы 3 шілде qanqor.gov.kz
3. Ағыбаев А.Н/ Қылмыстық құқық, Ерекше бөлім
4. Борчашвили И.Ш./ Қылмыстық құқық түсіндірме
5. Наумов А.В. / Қылмыстық құқық: лекция курсы.

ӘОЖ 351.74

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Нигметуллина А.

Құқық қорғау қызметі ББ 1 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор Қобдабаева Н.А.

Егеменді еліміздің құқық қорғау жүйесінде қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықты сақтау мақсатында көптеген жалпыға ортақ заңдар мен нормативтік-құқықтық актілер қабылданған. Егеменді еліміздің стратегиялық дамуы бағытында құқықтық реформалардың өз әсерін тигізері сөзсіз.

Мемлекеттің стратегиялық даму бағытын айқындайтын тың реформалардың нәтижесінде егеменді еліміз тәуелсіздік алған аз ғана 20 жылдың ішінде бірталай жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Оның бір айғағы ретінде – тәуелсіз мемлекетіміздің бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына еніп, өзге елдермен терезесін теңестіргенін айтуға болады. Тәуелсіз мемлекетіміздің ендігі алға қойған мақсаты – алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына еніп, өркениетті елдердің қатарынан көріну. Өркениетке жетудің алғышарттарының бірі – құқықтық мемлекет құру. Құқықтық мемлекетте әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы бірге жетіледі. Құқықтық сана әрбір азаматты құқықты құрметтеуге, заң талаптарын мүлтіксіз орындауға, қылмыс зардабын түсініп, оны жасамауға және екінші тұлғаның қылмыстық әрекетке бармауына ықпал етуге көмектеседі. Қоғамда тәртіп пен саяси тұрақтылық қалыптасқан жағдайда ғана халықтың құқықтық санасы оянып, жетіле бастайды.

Егер қоғамда тәртіп пен тұрақтылық бұзылған жағдайда халықтың қоғамдағы тәртіп пен саяси тұрақтылықты реттейтін заң нормаларына наразылығы туып, оны құрметтеуден.

Құқықтық реформаның құқық қорғау жүйесіндегі атқаратын рөлі бас тартады. Мұндай жағдайда азаматтардың санасынан бірін-бірі сыйлау, құрметтеу, өзара түсіністікпен қарау, этика сақтау сияқты ізгілік ұғымдары тыс қалады. Қоғамдағы барлық азаматтардың жүріп-тұру, қарым-қатынас жасау сияқты әрекеттерін заң бір жүйеге келтіріп, реттеп отырады. Заң нақты, жалпыға ортақ әрі түсінікті болғанда ғана мемлекеттегі қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік туады. Сол заңның нақтылығын, жалпыға ортақ талаптарын халыққа терең түсіндіру жұмыстары құқық қорғау жүйесінде іске асырылатындықтан өркениетке жету жолын да құқықтық мемлекетіміздің қорғанын мықтап қалау үшін елді тәртіпке, ауызбіршілікке, өзара келісім мен ымыраға және ізгілікке шақыратын заң нормаларын халыққа жете түсіндіріп, олардың құқықтық санасын қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселелерінің біріне айналып отыр. Мақаламыздың басында айтылғандай, егеменді еліміздің өркениет жолы на қадам басқан сәті бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына ену саясаты болатын. Қазіргі таңда тәуелсіз құқықтық мемлекетіміздің құқық қорғау жүйесінде айтарлықтай реформалар жүріп, өз нәтижесін беріп жатқаны баршаға мәлім.

Бұл реформалардың жүргізілуі – заңды құбылыс. Сондықтан қазіргі заман талабы құқық қорғау жүйесінің жаңаша халықаралық стандартқа сәйкес жұмыс жүргізу тәртібін, сауаттылық пен кәсіби біліктілікті және заңгерлік мамандықтың ерекшелігіне байланысты іс жүргізу кезінде заңгерлердің қызметіне, сөз сөйлеу мәнеріне халықтың, сондай-ақ сотқа қатысушы тараптардың қанағаттануын қамтамасыз етуін қажетсінуде. Заман талабына сай ғылыми мақаламызда қылмыстық, азаматтық істер бойынша соттағы даулы істерді заңгерлер кәсіби біліктілігі арқасында сотқа қатысушы тараптарды мәмілеге келтіру арқылы дауласушы тараптарды кектесу психологиясынан айырып, ізгілендіру жолымен шешу мәселесі баяндалады. Егеменді елімізде тәуелсіздік алған 20 жылдың ішінде бірнеше заңдар қабылданып, сол заңдардың қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықты сақтауға қосқан үлестері де аз болған жоқ. Экономикалық даму және саяси тұрақтылық жағынан егеменді еліміз көшбасшы мемлекеттер қатарында келеді. Мұндай жетістіктерге аз уақытта қол жеткізе білуді мемлекет мүддесін қорғайтын заңдардың дұрыс қабылданғандығында деп түсіну қажет. Дегенмен заманның талабы өзгерген сайын бұрын қабылданған заңдардың озығы мен тозығы ескеріліп, жаңа заман талабына сай заңдар өзгерістерге ұшырап отырады. Ал құқық қорғау жүйесіндегі реформа заңдарға түбегейлі өзгерістер енгізіп, нақты бір жүйе құру болып табылады. Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауында: «Біз құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша байыпты жұмыс жүргізуге тиіспіз. Бәрінен бұрын құқық қорғау жүйесін оңтайландырып, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін түзу қажет. Біздің заңдарымызды ізгілендіріп, олардың сапасын арттыру қажет. Басқаша айтқанда, жаңа онжылдықта бізге демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандартта рына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесі қажет» [1], – деп еліміздің құқық қорғау жүйесін реформалау арқылы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, сондай ақ сот отырысын жүргізу тәртібі мен сотқа қатысушы заңгерлердің халықаралық стандарт талаптарына сай сот ісін жүргізу қызметтерін жетілдіру керектігін айтқан болатын.

2010 жылы демократиялық құқықтық мемлекетіміздің стратегиялық даму жолын айқындайтын 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданып, құқық қорғау жүйесін реформалау бойынша байыпты жұмыстар жүйелі түрде іске асырылуда. 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында қазіргі заңдарды ізгілендіру арқылы халықтың мұң мұқтажын қанағаттандыратындай және заңгерлік қызметтің сапасын арттыра отырып, халықтың құқықтық санасын қалыптастыру мәселелері кеңінен насихатталған. Құқықтық сананы қалыптастыру арқылы ғана құқықтық мемлекеттің негізін қалауға болады. Құқықтық сана Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып

жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына құқықтық сезімдерінің, көзқарас пікірлерінің жүйесі болып табылады. Құқықты ұғынумен қоса азаматтарды заңды құрметтеуге, қорғауға, орындауға дағдыландыру мен заңның әділдігіне сендіру – құқықтық сананың негізгі белгілері. Құқықтық сана-сезім арқылы қоғам басқарылады, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалады және теңдік пен қоғамдық тәртіпті сақтауға негізделген қағидалар жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Елбасы Жарлығымен 2009 жылдың тамыз айының 24 жұлдызында Қазақстан Республикасының «2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы» еліміздің құқықтық даму саясаты саласында, оның ішінде ұлттық заңнаманы жетілдіру бағытында жаңа мақсат-міндеттерді жүзеге асыруды көздейді. Оның ішінде құқық қорғау мен сот жүйесін дамыту, сондай-ақ бүгінгі әлемдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстанның құқықтық-демократиялық қоғамын құру тұжырымдамасының басты мақсаты ретінде қарастырылуда. Жаңа тұжырымдамада көрсетілгендей, бүгінде еліміздің жалпы стратегиялық дамуы аясында отандық заңнаманы сақтау мен құқықтық тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында нақты іс-шараларды қолға алу қажет. Осы орайда Қазақстанның жаңа құқықтық жүйесі мемлекет пен қоғамның барлық құқықтарын қамтамасыз етіп, ашықтық пен нәтижелілікке бағытталған мемлекеттік басқару моделіне негіз болмақ. Елбасы бекіткен құқықтық саясат тұжырымдамасында негізі жаңадан қаланған құқықтық демократиялық мемлекетімізді басқарудағы құқықтық жүйені жетілдірудің таяудағы он жылға арналған базалық басымдықтары айқындалған. Тұжырымдамадағы негізгі басымдықтардың бірі – елімізде зайырлы, құқықтық, демократиялық мемлекет пен заң нормаларын, барлық құқық қолданушы жүйені, әсіресе қылмыстық жазаны қолдану мәселелерін ізгілендіру қағидалары заң және іс жүзінде орнығуын қамтамасыз ету болып табылады. Міне, біздің зерттеп отырған ғылыми мақаламыздағы құқық қорғау органдары қызметкерінің кәсіби қызметіндегі адамгершілік қағидасының құндылығы мемлекет басшысы бекіткен он жылдық тұжырымдамада негізгі басымдықтардың бірі ретінде көрініс тапқан. Құқықтық саясат тұжырымдамасында заңдарды ізгілендіру арқылы халықтың құқықтық сана сын қалыптастырудың негізгі тетіктері ұсынылады:

- біріншіден, халықтың рухани және құқықтық сана-сезімін дамыту;
- екіншіден, азаматтарға заңдар мен құқықтық актілердің мазмұнын және жазаның мақсатын ұғындыру;
- үшіншіден, заңдылықты, құқықтық тәртіпті орнату;
- төртіншіден, құқықтық мәдениеттің жетістіктерін қорғау;
- бесіншіден, құқықтық мемлекет қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекетіміздің бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарынан орын алу стратегиялық мақсатына қол жеткізу үшін халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін жетілдіру қажет. Құқықтық мемлекетімізде халықтың құқықтық санасы мен мәдениетін қазіргі қоғам талабына сай ізгілік жолымен қалыптастыру мәселелері қолға алынған жағдайда ғана көпжылдық тұжырымдаманың талаптары іске асады. Егемендік алып, тәуелсіздігімізді тарих талқысына түсірген аз ғана жылдың ішінде өркениетке жету жолында мемлекет мүддесін, сонымен бірге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңдар, ережелер және заңдылық күші бар құжаттар қабылданды. Атап айтар болсақ, Конституция, кодекс (азаматтық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, еңбек), Президент Жарлықтары, Үкімет қаулылары, министрлік тарапынан бекітілген ережелер, Құқықтық саясат тұжырымдамалары, т.б. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің негізгі қызметі – тәуелсіз мемлекетіміздегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету. Олай болса, барлық сала бойынша туындаған дау-жанжалдарды, келіспеушіліктерді егеменді еліміздегі електен өткен өрісі кең заңдар мен заңдылық күші бар нормативтік актілер негізінде тараптарды жүйелі түрде бітімгершілікке, ортақ шешімге, өзара келісімге шақырып отырған заңгерлердің ерен еңбегін жоғары бағалаған абзал. Күнделікті өмірде орын алып жатқан заңға қайшы әрекеттердің алдын алып, қылмысқа қарсы бар қажыр-қабілетін жұмсап, өз қызметін абырой

мен атқарып жүрген құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жетістігі – олардың қоғамға құқықтық реформаның құқық қорғау жүйесіндегі атқаратын рөлі мемлекетімізге, өз ісіне деген адалдығы. Өз ісіне деген адалдықтың негізгі қозғаушы күші жеке бойындағы адамгершілік қасиеті. Тұлғаның бойындағы асыл адамгершілік қасиет еш нәрсемен өлшенбейді. Ондай азаматтарды өз ісіне аса жауапкершілікпен қарайтын, қызметі бойынша білікті маман, қай кезде де құрмет көрсетуге тұрарлық тұлға деп тануға болады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында мұндай адамгершілігі мол, асыл азаматтар аз емес. Адам бойындағы байқала қоймайтын асыл қасиеттер мен ізгіліктерді жоғары бағалап, қоғамның дамуына оның тигізер оң әсерін сезінгенде ғана құқық қорғау жүйесіндегі адамгершілік категориясының маңызы мен адамгершілік (гуманизм) қағидасының мәні айқындала түседі. Демек, адамның рухани қасиеттерінің негізін қоғамға пайдалы еңбек құрайды, ал тұлға болса, қоғамдық қатынастар жүйесіне араласқан жағдайда ғана дамуы мүмкін.

Құқықтық жүйедегі адамгершілік қағидасы – адамды басты құндылық деп танитын, оның абыройы мен беделіне құрметпен қарайтын, қоғамдық прогрестің мақсаты адам өмірін жақсарту деп білетін аса биік адамгершілік позициядан тұрады. Демократиялық қоғамда негізгі гуманистік принцип – адам және оның өмірі. Тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекетіміздің Ата Заңында да: «Ең қымбат қазына – адам және оның өмірі», – деп көрсетілген [2]. Сондықтан кез-келген қылмыстық істер бойынша сот отырысында соттар үкім шығару барысында гуманизм қағидасын назардан тыс қалдырмайды. Гуманизм қағидасын қылмыстық іс бойынша қолдану және қолданбау мәселесі жасалған қылмыстың сипатына да тікелей байланысты. Ауыр және өте ауыр қылмыстардың жасалуы және сол қылмыстардың қайталануы сот отырысында соттардың гуманизм қағидасын ескермеуіне толық негіз бола алады.

Сондай-ақ, қылмыскерлерге рақымшылық жасалатын және жасалмайтын қылмыстар тобы Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздік күнін мерекелеуге байланысты рақымшылық жасау туралы» заңының 1, 2, 3, 4, 7, 10 баптарында көрсетілген [3]. Егеменді еліміздегі құқықтық саланың одан әрі дамуы, әртүрлі мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметтерін үйлестіріп отыру, прокуратура органдарының өкілеттіктерін кеңейту, сот жүйесін жетілдіру мақсатында қабылданған құқықтық саясаттың 2010-2020 жылдарға арналған 10 жылдық жаңа стратегиялық құжатын бекіткен кезде мемлекет басшысы, біріншіден, мемлекет пен оның азаматтарының игілігін, екіншіден, қылмыстық жазаны қолдану кезінде қозғалған іс бойынша ізгілік факторларын анықтауды көздеген. Тұжырымдамада қолданыстағы заңдарды жүйелеу, оларды топтастыру, ескірген және қайталайтын нормалардан арылту жөніндегі жұмыстар, сол сияқты сілтеме нормаларды неғұрлым азайтып, тікелей қолданылатын заңдарды қабылдау тәжірибесін кеңейту, ішкі қарама-қайшылықтарды жою мәселелері де кең ауқымда қамтылған. Құқықтық саясатты былайша кешенді түрде қарастыру – еліміздің жалпы дамуы барысында оның бүкіл нормативтік-құқықтық базасын жетілдіріп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге кепілдік бере отырып, нәтижелілік, шынайылық пен есеп беріп отыру қағидаттарына негізделген мемлекеттік басқарудың жаңа сапалық үлгісін жасауға мүмкіндік береді.

Мақаламызда көтеріліп отырған тәуелсіз мемлекетіміздің құқық қорғау жүйесіндегі құқықтық реформаның рөліне тоқталатын болсақ, құқық қорғау органдарының қоғамдық ортада тәртіп сақшылары ретіндегі қырағылық қызметтерін, прокуратура органдарының азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және мемлекет мүддесін қорғайтын заңдардың бұзылуын қадағалау жұмыстарын, сот органдарының әділдік қағидасы мен ізгілік факторларынан бастау алатын гуманизм қағидасын ұстанудағы әділсот мәртебесін және заңды кеңес беру (юридическая консультация) орындарының халықтың құқықтық санасын қалыптастырудағы ерен еңбектерін айтуға болады. Заңгерлер әрқашан қоғамдық тәртіп пен саяси тұрақтылықтың сақталуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттің өсіп-өркендеуі жолында аянбай қызмет атқарады. Заң бар жер де тәртіп бар, тәртіп пен тұрақтылық орнаған елде өркениетке деген ұмтылыс арта түседі. Сондықтан заңгерлер қызметінің құқықтық